Бекітілген

Қор «Бизнес-Көмек» әлеуметтік жобаларды қолдау мемлекеттік қоры», «ППК «ЮжКазСпецПроект» ЖШС-гі мен «Нұрлы Таң Ақтөбе» ЖШС-гі, өзара бірлесе отырып техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың салдарын жою шеңберінде іс жүзіне асыру туралы жасасқан

Арыс қаласы **18.07.2019 ж.**

МЕМОРАНДУМ №216

Қор «Бизнес-Көмек» әлеуметтік жобаларды қолдау мемлекеттік қоры», «ППК «ЮжКазСпец Проект» ЖШС-нің директоры Б.Серік және «Нұрлы Таң Ақтөбе» ЖШС-нің директоры Б. Кугабаев әрі қарай тараптар: Осы техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың салдарын жою шеңберінде әлеуметтік жобаларды іс жүзіне асыру жөнінде төмендегідей келісімге келеді.

1-бап

Осы Меморандумның негізгі мақсаты Арыс қаласының жарылыстан зардап шеккен Танкеев көшесіндегі №15 тұрғын үйдің қайта қалпына келтіру жұмыстарын жүзеге асыру.

2-бап

Осы Меморандум көлемінде бірлескен қарым қатынасты келесі түрлері қарастырылады:

а) Әлеуметтік жобаларды іс жүзіне асыруға ықпал жасау;

ә) Жобаны іс жүзіне асыруға жолдары мен түрлерін талқылауға кездесулер өткізу;

б) Қосымша тараптардың келісуімен басқа да қарым-қатынас түрлері.

3-бап

1- Техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың салдарын жою шеңберінде Түркістан облысы, Арыс қаласында Танкеев көшесіндегі №15 тұрғын үй – нысан атауы.

«ППК «ЮжКазСпецПроект» ЖШС-і осы Меморандумға сәйкес жоғарыда аталған мәселелер бойынша – тұрғын үйдің қалыпқа келтіру үшін құрылыс шешімін ұсыну, сметалық құжаттарын әзірлеу, оны жүзеге асыру өз мойындарына алады.

- «Нұрлы Таң Ақтөбе» ЖШС-і жұмыстарды сапалы және уақытында аяқтауға міндеттенеді.

- Қор «Бизнес-Көмек» әлеуметтік жобаларды қолдау мемлекеттік қоры» қаржылық шығындарды өз қаражаты және жеке инвестициялық қаржы есебінен өтеуге, жасалған жұмыстарын қабылдау рәсімін Арыс қаласының сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті органға ұсыну міндетті.

4-бап

«Нұрлы Таң Ақтөбе» ЖШС-і осы Меморандумға сәйкес жоғарыда аталған құрылыс жобаларын құрылыс жұмыстарын бастауға және толық аяқтауға міндеттенеді.

Түркістан облысы, Арыс қаласының сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті орган тапсырыс беруші деп танылып, жәнеде жоғарыда аталған құрылыс жобаларын қабылдауға міндеттенеді.

Осы меморандумға қол қоюшы тараптар өздерінің өкілеттігіне қарай өзара келіспеушілік туындаған мәселелерді шешуге жауапкершілікпен қарауда міндетіне алады.

5-бап

Осы Меморандум тараптардың өзара келісімі арқылы өзгерістер мен қосымшалар енгізуге болатындығын және осы меморандумның бөлінбейтін бір бөлігі болады.

6-бап

Осы Меморандум тараптардың қол қойған уақытынан бастап әлеуметтік жобаның іс жүзіне асыру мерзімі біткенге дейін күшінде болады.

Меморандум Түркістан облысы, Арыс қаласы 2019 жылғы 18 шілде 3 дана жасалды. Меморандумға қол қоюшылар:

Қор «Бизнес-Көмек» әлеуметтік жобаларды қолдау мемлекеттік қоры» директоры
Д.Д. Хайруллин

«ППК «ЮжКазСпецПроект» ЖШС-нің директоры
Б. Серік

«Нұрлы Таң Ақтөбе» ЖШС-нің директоры
Б. Кугабаев